

"Қазақстан Республикасында Бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 24 қарашадағы N 1593 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығын орындау және халықтың денсаулығын сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Әділет министрлігімен, Экономика министрлігімен басқа да мүдделі мемлекеттермен және ведомстволармен бірлесіп мыналарды 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін:

"Спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

Қазақстан Республикасында 1996-2000 жылдарға арналған бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы;

Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесін бағалау жөніндегі Президенттік сынама Ережесінің жобасы.

2. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі:

Қазақстан Республикасы спорт өнеркәсібі мен спорт ғимараттары жүйесін дамытудың келісілген мемлекеттік бағдарламасының жобасын 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын;

ұлттық штаттағы командаларды ұстауға қарастырылған жалпы саны 25 адам және қаржы шегінде спорт түрлерінен оларды басқару жөніндегі дирекция құрсын;

спорт және туристік мақсаттағы тауарлар өндіруді ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін тапсын;

республикалық бюджетте қарастырылған қаржы шегінде Алматы қаласындағы үш республикалық олимпиадалық резервтік училищенің біреуінің базасында қазақ тілінде білім беретін республикалық олимпиадалық резервтік училищені ашсын;

республикалық министрліктер мен ведомстволарда иек артар спорт түрлерін дамыту, Харбин қаласындағы (Қытай) III қысқы Азия ойындарына және Атланта

қаласындағы (АҚШ) XXVI жазғы олимпиадалық ойындарға қатысуы ықтимал үміткерлерді дайындаудың жиынтық жоспар-тапсырмасы белгіленсін;

1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақ дене тәрбиесі институты жанында Спорт жөнінде республикалық ғылыми-зерттеу орталығын ашу туралы келісілген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзім ішінде енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2 абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.01.29. N 46 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының олимпиадалық дайындық базаларын күрделі жөндеуден өткізуге кезең-кезеңімен арнайы қаржы бөлінуді қарастырсын;

ұлттық құрама командалардың III қысқы Азия ойындарына және 1996 жылы өтетін XXVI жазғы олимпиада ойындарына дайындығы мен қатысуына байланысты шаралардың қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігімен бірлесіп 1995 жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

олимпиадалық дайындық базаларын жаңғырту және дамыту үшін шетелдік инвестициялар, кредиттер, техникалық және қаржылай көмектер тарту;

Шығыс Қазақстан облысы Катон-Қарағай ауданындағы марал шаруашылығының базасында қалпына келтіру орталығын салу;

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша спорт мамандарын шет елдерде оқыту және қайта дайындау жөнінде ұсыныстар енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне мектеп жасына дейінгі балалардың, жалпы орта білім беретін мектептер және кәсіптік-техникалық училищелердің, лицейлер мен колледждердің оқушыларының, техникумдар мен жоғары оқу орындары студенттерінің оқудан тыс уақытта дене шынықтыру жаттығуларымен және спортпен тұрақты айналысуы үшін 1996 жылы қоғамдық негізде "Жастар" дене тәрбиесі-спорт қоғамын ашу ұсынылсын.

6. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, республикалық газеттер мен журналдар редакциялары, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері республика халқы арасында бұқаралық спортты, салауатты өмір салтын, темекі мен алкогольдің зияны туралы үгіт-насихатты күшейтсін.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Жастар ісі, туризм және спорт министрлігімен бірлесіп тест әдісін қолданып, халықтың барлық әлеуметтік-демографиялық топтарын кешенді медициналық тексеру жөніндегі нұсқауды 1995 жылдың 1 қарашасына дейін әзірлеп, бекітсін. Дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы құралдармен Қазақстан Республикасының халқына емдеу және денсаулығын қалпына келтіру жөніндегі шараларды әзірлесін.

8. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

қоғамдық негізде спорт жөнінде облыстық, қалалық кеңестер құру ұсынылып, олардың қызметі туралы ережені әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің келісімімен денсаулық сақтау мекемелерінің тізбесіне сәйкес облыстарда дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін қалпына келтіру, ал тұрақты халқы 125,0 мың адамнан асатын қалаларда бюджет қаржысынсыз дәрігерлік бақылау кабинеттерін ашу қажеттігін қарастырсын;

1995-96 оқу жылдарынан бастап оқу-жаттығу орталықтары, спорт резервтерін дайындау орталықтары және олимпиадалық спорт түрлерінен эксперименттік командалар, республикалық ұлттық құрама командаларының резервтерін дайындау үшін болашағы бар балаларға спорттық бейіндегі мектеп-интернаттар ашсын.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің*

бірінші орынбасары